

Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 21 сәуірдегі № 807 Жарлығы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 5), 12) және 18) тармақшаларына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. М ы н а л а р :

1) Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі мен Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі мен Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының функцияларын атқаратын мемлекеттік орган ретінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметіне қосу жолымен;

2) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлері ішкі істер органдарының бірыңғай жүйесіне кіретін Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметімен (бұдан әрі - Қызмет) бірлесіп, бір айлық мерзімде Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына Қызмет туралы ереженің жобасын енгізсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) қайта ұйымдастырылатын Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі мен Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының штат санын және мүлкін Қызметке беруді қамтамасыз етсін;

2) осы Жарлықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне осы Жарлықпен енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

5. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н. Назарбаев

**Қазақстан Республикасы Президентінің
кейбір актілеріне енгізілетін
ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 11 наурыздағы № 552 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 12-13, 116-құжат; 2009 ж., № 24-25, 207-құжат; 2010 ж., № 51, 466-құжат; 2011 ж., № 10-11, 125-құжат) мынадай өзгерістер:

аталған Жарлыққа 2-қосымшада:
"Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы" деген жол алып тасталсын;
"Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі".

2. "Қазақстан Республикасының дипломатиялық және қызметтік паспорттарын ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою, есепке алу, сақтау және жою қағидаларын және Қазақстан Республикасының дипломатиялық және қызметтік паспорттары берілетін Қазақстан Республикасының лауазымды адамдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 13 қаңтардағы № 722 Жарлығына:

Қазақстан Республикасының дипломатиялық паспорты берілетін адамдардың тізбесінде:

мынадай мазмұндағы 18-1-жолмен толықтырылсын:

"18-1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің бастығы және оның орынбасарлары." ;

Қазақстан Республикасының қызметтік паспорты берілетін адамдардың тізбесінде:

реттік нөмірі 5-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Аумақтық органдардың қызметкерлерін қоспағанда, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қазақстан Республикасы "Сырбар" Сыртқы барлау қызметінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің, Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясының) офицер атағы бар қызметкерлері." .

3. "Жоғары офицерлік және басшы құрамның адамдары атқаратын лауазымдар тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 мамырдағы № 392 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., № 20, 201 -құжат; 2011 ж., № 31, 388-құжат; 2012 ж., № 49, 666-құжат): жоғарыда аталған Жарлыққа 4-қосымша мынадай редакцияда жазылсын:

**"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің
жоғары офицерлік құрамының адамдары атқаруы тиіс
лауазымдар тізбесі**

Мемлекеттік күзет қызметінің бастығы	- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің генерал-лейтенанты
Қызмет бастығының орынбасары - бірінші департамент бастығы	- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің генерал-майоры
Қызмет бастығының орынбасары - Президент Күзеті қызметінің бастығы	- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің генерал-майоры
Қызмет бастығының орынбасары	- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің генерал-майоры
Қызмет бастығының орынбасары - Объектілерді қорғау қызметінің (Республикалық ұлан) бастығы	- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің генерал-майоры".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК